

Бекітемін:
Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Қараөзек ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі КММ-нің
басшысы *Дайрова К.Е.*



«Жас қаламгер»
вариативтік компонентінің
үйірме жұмысы

Тәрбиеші: Мағзам Наргүль

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Балалардың тіл дамыту, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет сабақтарына қызығушылықтарын арттырады.

Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Сондықтан үйірме сағатында ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.

Үйірменің мақсаты:

Балалардың шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

Үйірменің міндеті:

- Балалардың оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шыңдау;
- Көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма дағдыларын қалыптастыру;
- Балалардың қоғамдық белсенділігін дамыту;
- Балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Оқуға деген қызығушылықтары артады.

Вариативтік компонент

«Жас қаламгер» оқу іс-әрекетінің перспективтік жоспары

«Күншуақ» тобы

2023-2024 оқу жылы

№	Тақырыптың аты	Сағат саны	Мерзімі	Өткізілу түрі	Пайдаланған әдебиеттер
1	Үйірменің мақсат, міндеттерімен таныстыру	1	01.09	Кіріспе әңгіме	
2	Ертегілер әлеміне саяхат	1	08.09	Сурет салу	«Ертегілер» кітабы, «Балдырған журналы»
3	101 жұмбақ, 1001 мақал	1	15.09	Дөңгелек үстел	Мақал-мәтелдер кітабы
4	Жаңылтпаштар жаттау	1	22.09		Балалар әдебиеті
5	Мнемокесте арқылы жаңылтпаш жаттау	1	29.09		
6	Шешендік өнер. Өнер алды қызыл тіл.	1	06.10	Шығар. жұмыс	Халық даналығы
7	Қызықты сұрақтар	1	13.10	Әңгіме. Шығар. жұмыс	«Балдырған», «Айгөлек» журналдары
8	Өлең сөздің патшасы	1	20.10	Өлең жаттау	Суреттер Ана тілі хрест
9	Әңгіме мазмұнын жалғастыр	1	27.10	Дөңгелек үстел	«Балдырған», «Айгөлек» журналдары
10	Менің айналысатын сүйікті ісім	1	03.11	Сахналық қойылым	

11	Егер мен сиқырлы таяқ тауып алсам.	1	10.11	Әңгіме. Шығар. жұмыс	Балалар әдебиеті
12	Ертегі киіпкерлерімен таныстыру	1	17.11	Танысу	хрестоматиясы
13	«Табиғат- менің алтын ұям»	1	24.11	Әңгіме. Шығар. жұмыс	«Балдырған» журналы
14	Төрт түлікке байланысты әңгімелер құрастыру	1	01.12	Тәрбиеші орындауында	«Балдырған», «Айгөлек» журналдары
15	Төрт түліктің төлдерімен таныстыру	1	15.12		хрестоматиясы
16	Қазақстан. Отаным – алтын бесігім	1	22.12	Тәрбиеші орындауында	Ана тілі хрестоматиясы
17	Менің батыр бабаларым	1	29.12		«Батырлар жыры»
18	Жұмбақтар шешу	1	05.01	Сайыс сабағы	Халық даналығы
19	Жыл мезгілдері	1	12.01	Тақпақ жаттау	«Балдырған» журналы
20	Ырымдар мен тыйымдар	1	19.01	Дөңгелек үстел	хрестоматиясы
21	Салт-дәстүрмен таныстыру	1	26.01		хрестоматиясы
22	Әсем гүлдер	1	02.02	Сурет салу	Балалар әдебиеті
23	Алфавит әлемі	1	09.02	Әріптен сөз құрау	Ана тілі хрестоматиясы
24	Үстел үсті ойындары	1	16.02	Көршісін тап	«Балдырған» журналы

25	Бес жолды өлең жаттау	1	23.02		хрестоматиясы
26	Мен өскенде кім болам?	1	01.03	Өңгіме. Шығар. жұмыс	Балалар әдебиеті
27	Сәлем-сөздің анасы	1	15.03	Тәрбиеге баулу	Ана тілі хрестоматиясы
28	Абай өлеңдері.	1	29.03	Мәнерлеп оқу	Балалар әдебиеті.
29	Абай өмір баянымен танысу	1	05.04		Ана тілі хрестоматиясы
30	Мәнерлеп оқу сайысы	1	12.04	Дөңгелек үстел	
31	Жылдың төрт мезгілі	1	19.04	Өңгіме. Шығар. жұмыс	Суреттер Ана тілі хрест
32	Төрт түлік толы даламыз	1	26.04		Балалар әдебиеті
33	Төрт түлік туралы тақпақ жаттау	1	03.05		хрестоматиясы
34	Өнегелі ұлан болып өсеміз	1	10.05	Өңгіме. Шығар. жұмыс	«Балдырған» журналы
35	Үлкенге құрмет-кішіге міндет	1	17.05		Суреттер Ана тілі хрест
36	Табиғат құбылыстары	1	24.05	Таныстыру	хрестоматиясы

Қолданған әдебиеттер:

1. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы №1,№2
2. Қ.Қ. Жамантаева «Сөйлесейік те жазайық, өз тілімізге үйренбей қалмайық»
3. Қазақ ертегілері
4. Мақал-мәтелдер кітабы
5. «Балдырған», «Айгөлек» журналдары

Ертегілер еліне саяхат

Тақырыбы: «Бауырсақ»



Дөңгелек үстел (әр бала білетін жұмбақ, мақалдарымен бөліседі)

Тақырыбы: «101 жұмбақ, 1001 мақал»

1. Жасыл ала дөңгелек,
Бақшада жатыр дөңгелеп.
(қарбыз)
2. Ақ құман жүр жүзіп.
Су бетін сүзіп.
(аққу)
3. Ағайынды бәрі:
Шықса - көк, Түссе - сары.
(жапырақтар)
4. Қалың киім ұнатады
Шешіндірсең жылатады.
(сарымсақ)
5. Шәкіртке жанашыр,
Мейірман кім, жаны асыл.
(ұстаз)
6. Қабат - қабат қаттама,
Ақылың болса аттама.
(кітап)
7. Тілден ұшып,
Құлаққа қонады.
(Сөз)
8. Өзі ширақ, өзі қу,
Жүрген жері айқай-шу.
(түлкі)
9. Адамға серік,
Күзетке берік.
(Ит)
10. Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.
(Қой)

1. Отан – қуат,
Отбасы – шуақ.
2. Егемен елдің еңсесі биік.

3. Өз елің – алтын бесік.
4. Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол.
5. Өз елім – өлең төсегім.
6. Сабыр түбі сары алтын.
7. Ұстаздан шәкірт озар.
8. Ғылым - теңіз, білім - қайық.
9. Қолдағы бар алтынның қадірі жоқ
10. Жолдасы көптің – олжасы көп.

«Өлең сөздің патшасы»

1. Бұзау

Тентек болма, ақ бұзау,

Еріншек болма, ақ бұзау.
Кең далада сенімен,
Жарысып мен жүгірем.

2. Ала мысық.

Ала мысық тырнама,
Тырнағаның бола ма?
Ұстайыншы қолыңнан,
Ойнайық, ер соңымнан.

3.Әдептілік

Біз әдепті баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Үлкендерге жол беріп,
Біз ақылды боламыз.

4. Күшігім

Күшігім менің келе ғой,
Құшағыма ене ғой.
Мойныңа бау тағайын,
Ойынға ертіп барайын.

5.Тәрбиеші

Тәрбиеші біздің анамыз,
Анамызды сыйлаймыз.
Айтқан ақыл, білімін
Ықыласпен тыңдаймыз.

6.Кішкентай бала

Мен кішкентай баламын
Кітап оқи аламын.
Дәптер, қалам, сызғышты
Сөмкеме өзім саламын.

7.Қуыршақ

Қуыршақ, қуыршақ,
Таза суға жуынсақ.
Қол ұстасып, дос болып,
Бақ ішінде қыдырсақ.

8.Мысығым

Мысығым, кел, кел маған,
Сүт берейін мен саған.
Ит кеп қалса, қорғаймын,
Көтерейін, сен маған.

9.Гүлдер

Гүлім, гүлім, өсе бер,
Әдемі боп, асыл боп.
Күндей жайнап кете бер,
Қызыл, сары, жасыл боп.

10.Ойыншықтар

Ойыншықтар көп екен,

Бірге ойнайық, балақай.
Көгорай шалғын көк екен,
Жарысайық, алақай!

11. Ойын

Ойын маған ұнайды,
Көп ойнауға болмайды.
Күні бойы доп қусаң,
Ақыл-білім қонбайды.

12. Құлыншақ.

Құлыншақ, құлыншақ,
Шапқылайсың даламен.
Дос болсайшы құлыншақ,
Мен сияқты баламен.

13. Табиғат

Бұтақтарды сындырмай,
Тазалықты сақтайық.
Гүл өсіріп, су құйып,
Табиғатты қорғайық.

14. Ағаш егу

Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Гүл егеміз бақтарға,
Айналасын қоршаймыз.

15. Табиғат

Табиғат біздің анамыз,
Жер–Ана біздің панамыз.
Таза болса табиғат
Біз де аман боламыз.

16. Мен жерімді сүйемін

Мен жерімді сүйемін,
Жеріме дән себемін.
Ауа таза болсын деп,
Жылда ағаш егемін.

17. Құстар

Құс ұясын бұзбаңдар,
Балапанын алмаңдар.
Құстар біздің досымыз,
Обалына қалмаңдар.

18. Туған жер

Кең далада жүремін,
Бауырында ойнап күлемін.
Мен жерімді сүйемін.

Жаңылтпаштар жаттау

1. Көпке бекер өкпелеме,

- Өкпе етпе,
Тектен — текке өкпелетпе.
2. Бір қыз кесте тікті,
Кестесін түсте тікті,
Кеште тікті.
3. Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?
4. Тақпақ жатта,
Жатқа жатта.
5. Бар, май шайқа,
Байқа, жай шайқа.
6. Тары ақта,
Тары ақтап,
Қапқа қапта.
7. Қырда екі кекілік жетіліп келеді,
Екі кекілік секіріп — кекіріп келеді.
8. Қыста құлағым үсіп кетті,
Үсіп, ісіп кетті.
9. Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.
10. Қайрат қайрақ қайрап отыр,
Дайрақпен балта қайрап отыр.
11. Ошақта от жоқ,
Шоқ тап, от жақ.
12. Дөң жатыр,
Дөңде тон-тоң көн, жатыр
13. Үміт түбіт түтті,
Түбітті түтіп бітті.
14. Қызым жүзім же,
Жүзім үзіп же.
15. Жаға жай,
Жағажайда – Қамажай.
16. Бұл, бұл — піл,
Бұл бір ірі піл.
17. Тұз — мұздай,
Мұз — тұздай.
18. Даланы қар жабар,
Қарға балалар аққала қалар.
19. Киген тоны –

Онды тон,
Өнді тон.
20.Ерді ел елер,
Ер елге еркелер.

Сахналық қойылым

«Менің айналысатын сүйікті ісім»



**Ертегі киіпкерлерімен
танысу**

«Бауырсақ»



«Шалқан» ертегісі



Төрт түлікке байланысты әңгімелер құрастыру
Аңыз «Қазығұрт тауы» (Аңсар)

— Баяғыда дүние жүзілік топан су басып , сел қаптаған кезде тек қасиетті Қазығұрт тауы аман қалады. Сол құрғақ қалған киелі таудың етегіне Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтап, жан-жануарлар осы кемеден түсіп тауды паналап аман қалып, содан тіршілік қайта өрбіп-өседі. Соның ішінде төрт түлік малда бар болған екен. Ол жөнінде сол Қазығұрт жырында мынандай өлең жолдары бар:

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Болмаса ол әулие неге қалған?

Жетім бота үстінде жатып қалып,
Жануар «*Ойсыл қара*» содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған?

Бір қатпа тай үстінде жатып қалып,
«*Қамбар ата*» жануар содан қалған.

Басында Қазығұрттың кеме қалған,

Болмаса ол әулие неге қалған?

Жалғыз тана үстінде жатып қалып,
Жануар «*Зеңгі баба*» содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған?

Жұрын тоқты үстіне жатып қалып,
«*Шопан ата*» жануар содан қалған.

Осыларды әулие деп ұғынған халық оларға тілегін білдіріп, жалынып жалбарынған. Сондықтан әрбір түлікке арналған тілек, өлең-жыр шығарылған.

Міне балалар, біз бәрін төрт түлік мал туралы көптеген мағұламаттар алып, білімдерімізді тереңдеттік, төрт түлік малдың пайдасы көп екенін білдік. Бірақ оның пайдасы көру үшін, көп еңбектену керек, малды дұрыс күтпесе бізге ол сүт те, ет те, жақсы тері де, жүн де бермейді. Ертеде ата — бабамыз «малды бақсаң, мал сені бағады» деген екен. Сондықтанда біз төрт түлікті құрметтеп, күтіп- бағуымыз керек екен. Осымен бүгінгі біздің " Төрт түлік атты тәрбие сағаты. Сол үшін төрт түлікті құрметтеп, жақсы қарап, бағып, өсіруіміз керек.

Қазақстан. Отаным – алтын бесігім

Біздің еліміз тәуелсіз мемлекет. Биыл тәуелсіздік алғанымызға-31 жыл толады. Осы жылдар ішінде Қазақстан әлемге әйгілі елге айналды. Еліміз жылдан - жылға өркендеп өсіп келеді. Еліміздің үлкен жетістіктерінің бірі - елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы. Мұнда неше түрлі әсем ғимараттар бой көтеруде.

Балалар, біз өте бақытты, тыныш, достығымыз жарасқан мемлекетте өмір сүреміз.

Сендер білесіңдер ме? Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев балалар үшін, еліміз үшін, отанымыз үшін ештеңе аямады. Сен басқа мемлекетке бара қалсаң, өзіңнің тіліңді, отаныңды, туыңды яғни рәміздерді мақтанышпен жеткізсең сонда ғана сен нағыз патриотты азамат екеніңді дәлелдей аласың. Қазір балабақшада жүрсеңдер де, мен отаным үшін не істей аламын деген сұрақ көкейлеріңде тұру керек.

Сен үлкен азамат болғанда отбасың үшін, отаның үшін қолыңнан келгенше аянбай еңбек етсең, қорғасаң, бір кірпіш қаласаң да міне осының өзі де сенің қазақстан үшін тер төккеніңнің дәлелі болмақ.

Ата -бабамыз біздің тыныштығымыз үшін күресіп, осындай бейбіт елде өмір сүруімізді нәсіп етті. Мен деп, қазағым деп жүрегі соққан азаматтарды әрқашан биік асу күтіп тұр.

Елбасымыз қаншама ұлттармен тату -тәтті өмір сүруімізді және бір шаңырақ астында тұрып жатқанымызды мақтанышпен айтады.

ЖҰМБАҚТАР САЙЫСЫ

Мақсаты: 1.Балалардың ойлау шапшандықтарын дамыту

2. Сайысқа деген қызығушылықтарын арттыру

3. Ұжымшылдыққа, қамқор болуға тәрбиелеу.

Жұмбақ – ауыз әдебиетінің бір түрі. Ол адамдардың бір нәрсенің белгілерін екінші нәрсенің белгілері арқылы жұмбақтап айту өнері. Жұмбақ тақпақтап, ұйқастырылып айтылады. Ол ертеден келе жатқанмен әр уақытта халық оның жаңа түрлерін ойлап шығарып отырған.

Жұмбақ – қарым – қатынас жасаудың ерекше бір құралы. Жұмбақты шешу, оны ойлаудың өзі де өнер. Олай болса осы сайысымыз арқылы өз өнерімізді, білімімізді ортаға салайық.

– Балалар, өздерің түсінгендей бүгінгі сабақ сайыс сабақ түріне өтеді.

Сайысқа қатысуға екі топ келіп отыр.

Көрнекілігі: Интеративті тақта.

. Сайыстың өту барысы.

«Жұмбақтар сыр шертеді» атты сайысымыз мынадай бөлімнен тұрады.

I кезең. Таныстыру

2 кезең. Кім жылдам?(жұмбақтарын жасырады.)

3 кезең. Әріптер жұмбағы.

4 кезең. Сандар жұмбағы.

Сайысқа қатысушылар «Алғырлар», «Тапқырлар» тобы болып екіге бөлінеді.

Енді топ мүшелерімен танысуға көшейік. (әр топ – топ аты, ұраны және сәлемдесуімен таныстырады.)

Алғырлар

Ұраны: Жарыс десе жанамыз, Білекті бірді жығады,

Бүгінгі күн жарыста алғырлықпен аламыз. Білімді мыңды жығады.

Тапқырлар

«Қандай сынақ болсадағы беріспе,

Әрқашанда үміткерміз жеңіске.»

Сәлемдесу:

Қиындықтан қашпаймыз. Біз дайынбыз бұл сайысқа достарым,

Алғырлықпен тапқырлықты ұштаймыз Көрсетеміз бізде қандай күш барын,

Қияларға самғап ұшқан құстаймыз, Алға қойған мақсатымыз бір екен.

Шегінбейміз жеңістерге бастаймыз. Сәтті болсын сапарымыз әрдайым.

2. «Кім шапшаң?» ойыны

Ойынның шарты, әр топтан бір бала жұмбақ жасырады, сол жұмбақтың шешуін қай оқушы дұрыс табады, сол оқушының тобына балл қосылады.

3. Бөлім. Сурет жұмбақ

Қатар тұрған қос қазық ,

Қол ұстасқан достасып (Н)

Топ сақина секілді

Оң бүйірі кетілді (С)

Жалғыз таяқ болып тұр

Төбесінде доп тұр (І)

Әріп десең бүйірі тоқ,

Сан десең салмағы жоқ(О)

4. Сан жұмбақ

Ала шапан киініп
Қарбыз жатыр үйіліп
Қарбыздарды шетінен
Санап шықтым екіден
Бесеу болды жұп саны
Нешеу болды түп саны (10)
Алдында үш балапан
Артында үш балапан
Ақ тауық пен балапан
Айтшы санын ,балақан (8)
Көлден ұшты жеті қаз
Қайтып қонды екі қаз
Қонбады оның нешеуі
Қане ,кім тез шешеді(5)
Талдан ұшты топ торғай
Емес бірақ көп торғай
Алдында оның бастаушы
Артында төртеу қостаушы
Ойың жүйрік болса егер
Торғай нешеу ,есепкер (5)
Жаңа ғана шалғында
Алты бұзау жүр еді
Әлде шаршап қалды ма,
Жатып қапты біреуі
Нешеуі енді жайылып
Жүргенін айт ,айырып? (5)
Тал басында
Тізіліп
Он жапырақ тұр еді
Жел соқты да
Үзіліп
Ұшып кетті біреуі
Ізінше оның
Жұлынып
Түсті тағы бесеуі
Тұр әлі де ілініп
Жапырақтың нешеуі (4)
Табәқта бес алма
Қолымда 2 алма
Қосқанда барлығын
Болады неше алма?
Бір алма атама
Бір алма апама
Нешеуін алады,
Нешеуі қалады? (5)
Тәрбиеші: барлықтарыңа рахмет балалар,көп жұмбақ біледі екенсіңдер.Сау болыңдар
Осымен сайыс сабағымыз аяқталды.

Жыл мезгілдері

1)Далада егін орылды,

Жел тондырды қолымды.
Ол да жаурап қалған-ау,
Дірілдейді тобылғы.

2) Майтабанға сыз өтіп,
Киіп алдық біз етік.
Бара жатыр енді бұл
Қара суық күз өтіп.

3) Сарғайыпты атырап,
Қыс күні де жақын-ақ.
Түсіп жатыр секіріп,
Ағаштардан жапырақ.

4) Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

5) Жеміс - жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.

6) Көктен көзін бір алмай,
Қызғылт тартты кәрі күз...
Жер қызығын қия алмай,
Маужырап тұр сары күз.

7) Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

8) Айналаға қараңыз,
Аппақ бопты даламыз.
Жүр, сырғанақ тебейік,
Қайда екен шанамыз?!

9) Ауыл маңы қар аппақ,
Қызықтар көп не түрлі.
Ақ дәптерді парақтап,
Қыс отырған секілді.

10) Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды

Мұз болады, қатады
Жып жылтыр боп жатады.

11) Аралайды бақшаны,
Үзілмейді жақсы әні.
Гүлденеді бақшалар,
Жауса жаусын ақша қар.

12) Жауды, міне қар аппақ,
Айналаның бәрі аппақ.
Жасырыпты жолдарды,
Тегістепті оларды

13) Ауа қандай, дала, қандай әдемі,
Көктем – көктем болармысың кәделі
Сенің мынау ұлан ғайыр сыйыңнан
Туған жердің жасыруда беделі.

14) Көктем-көктем көктемде
Күн күркіреп өткенде
Нұр жаңбырды тосамыз
Көктемді әнге қосамыз

15) Шомылып нұрға атырап
Ағаштар жайды жапырақ
Далаға бірден жаралды
Көктеммен жұпар шашырап.

16) Көктем келді табиғатты оятып,
Күн күркірі, нәсерімен тоя түп.
Ағаштардың тамырына қан жүрді,
Жапырағын жасыл түске боятып.

17) Ару көктем армысың
Көкке біткен әнбісің
Жерге біткен сәнбісің
Алтын арай таңбысын

18) Жырың шашақан күнбісің
Жайнап өскен гүлмісің
Тербетілген талмысың
Хош, келіпсің армысың!

19) Күн боп күліп балаға
Ой жіберген санаға

Мың бір сәлем жолдаймын
Ардақты абзал анаға

20)Көктем келіп далама
Жырын сыйлап баршаға
Алғыстарды сыйлаймны
Аяулы, абзал анаға.

«Әсем гүлдер»

